Бекітемін
Колледж басшысы

_____ И. Нурадинов

«_31_» ___08_____ 2026ж.

Индустриялдық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Индустриялдық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Мақсаты: Білім беру бағдарламаларын еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру, әлеуметтік әріптестікті нығайту, дуальды және мақсатты оқытуды дамыту, WorldSkills стандарттары мен демонстрациялық емтихан талаптарын оқу процесіне енгізу және жұмыс берушілерді білім алушылардың кәсіби құзыреттерін бағалауға тарту арқылы бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Міндеттері:

1. Еңбек нарығының қажеттіліктері мен жұмыс берушілердің талаптарын зерделеу және олардың негізінде білім беру бағдарламаларын өзектендіруге ұсыныстар енгізу.
2. Әлеуметтік серіктестерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, сараптауға және жетілдіруге тарту.
3. Мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша кадрлар даярлауды жұмыс берушілердің нақты сұранысына сәйкес ұйымдастыру.
4. Дуальды оқытуды дамыту, кәсіпорындар базасында өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы сапалы ұйымдастыру.
5. WorldSkills стандарттары мен заманауи өндірістік технологияларды білім беру процесіне енгізуге ықпал ету.
6. Демонстрациялық емтихандарды ұйымдастыруға жұмыс берушілер мен салалық сарапшыларды тартып, білім алушылардың кәсіби құзыреттерін тәуелсіз бағалауды қамтамасыз ету.
7. Педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің әлеуметтік серіктес кәсіпорындар базасында тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруға ықпал ету.
8. Түлектердің жұмысқа орналасуына және жұмыс берушілердің кадр даярлау сапасына қанағаттану деңгейіне мониторинг жүргізу.
9. Колледж бен әлеуметтік серіктестер арасындағы өзара іс-қимылды нығайтып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға бағытталған бірлескен жобаларды іске асыру.

№	Қаралатын мәселелердің, жұмыстардың атауы	Орындалу мерзімі	Индикаторлар / соңғы нәтиже	Жауаптылар
	№1 Индустриялық кеңес отырысы **1.** Индустриялық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекітуге ұсыну. **2.** 2026–2027 оқу жылында мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша қабылданған білім алушыларды даярлау мәселесі: кәсіпорындармен өзара міндеттемелерді нақтылау, практика базаларын және кейіннен жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін айқындау.	Тамыз - қыркүйек 2026	Жұмыс жоспары; отырыс хаттамасы; мақсатты мемлекеттік тапсырыс бойынша кәсіпорындармен жұмыс жоспары; дуальды оқыту	Мекеме басшысы, басшының кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары, оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері,

	3. Дуальды оқыту бойынша әлеуметтік серіктестермен жұмысты ұйымдастыру: дуальды топтар, кәсіпорындар, өндірістік практика мерзімдері, кәсіпорындағы тәлімгерлер және білім алушылардың жұмыс орындарын айқындау. **4.** Әлеуметтік серіктестердің 2026–2027 оқу жылына арналған кадрлық қажеттіліктерін зерделеу және колледжде даярланатын мамандықтар мен біліктіліктерге ұсыныстарын қарау. **5.** Әртүрлі мәселелер.		бойынша келісімдер; әлеуметтік серіктестердің ұсыныстары	әлеуметтік серіктестер
	№2 Индустриялық кеңес отырысы **1.** 2026–2027 оқу жылында дуальды оқытуды іске асырудың аралық нәтижелері: кәсіпорындардағы практикалық оқыту сапасы, білім алушылардың кәсіби дағдылары және жұмыс берушілердің кері байланысы. **2.** Білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілердің талаптары, кәсіптік стандарттар, жаңа өндірістік технологиялар және еңбек нарығындағы өзгерістер негізінде өзектендіру мәселесі. **3.** 2027–2028 оқу жылына мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру бойынша кәсіпорындардың кадрлық қажеттіліктерін анықтау және ұсыныстар жинақтау. **4.** Әлеуметтік серіктестерді білім алушылардың кәсіби даярлығын бағалауға, демонстрациялық емтихандарға, кәсіби шеберлік іс-шараларына және білім беру бағдарламаларын сараптауға тарту. **5.** Колледж педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлерінің әлеуметтік серіктес кәсіпорындар базасында тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру. **6.** Әртүрлі мәселелер.	Қаңтар-ақпан 2027	Индустриялық кеңестің ұсынымдары; хаттама; жұмыс берушілердің ұсыныстары; өзектендірілген білім беру бағдарламалары; мақсатты тапсырыс бойынша ұсыныстар; тағылымдама жоспары	Басшының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары, ӨӨЖ жөніндегі орынбасары, әдіскерлер, бөлім меңгерушілері, өндірістік оқыту шеберлері, әлеуметтік серіктестер

Оқу жылы ішінде тұрақты жүргізілетін жұмыстар

1. Әлеуметтік серіктес кәсіпорындармен жасалған келісімдер мен меморандумдардың орындалуына мониторинг жүргізу.
2. Мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың даярлығы, өндірістік практикадан өтуі және кейіннен жұмысқа орналасуы бойынша кәсіпорындармен жүйелі жұмыс жүргізу.
3. Дуальды оқытуға қатысатын кәсіпорындар санын және өндірістік оқыту базаларын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізу.
4. Кәсіпорындардағы білім алушыларға бекітілген тәлімгерлермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.
5. Жұмыс берушілердің білім алушылардың кәсіби құзыреттеріне қатысты кері байланысын жинау және талдау.
6. Әлеуметтік серіктестерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, өзектендіруге және сараптауға тарту.
7. Кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасын өндірістік оқыту, практика және педагогтердің тағылымдамасы үшін пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.
8. Түлектердің жұмысқа орналасуына және мақсатты даярлау бойынша міндеттемелердің орындалуына мониторинг жүргізу.
9. Кәсіпорындармен бірлескен кәсіби бағдар беру, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі, шеберлік сағаттары, экскурсиялар және кәсіби кездесулер ұйымдастыру.
10. Индустриялық кеңес ұсынымдарының орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіп, нәтижелерін кеңес отырыстарында қарастыру.

Басшының оқу- өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары **Кабдуллина А.**

Оқу- өндірістік жұмысы бағыттары бойынша бөлім меңгерушісі **Турдалиева З.Ж.**

2026-2027 О.Ж. ӨТКЕН ИНДУСТРИАЛДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ № 1

Өткізілген күні: «24» қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: Ақтау қаласы, 27 ш/а, 58 ғимарат, 1 қабат, №1 кабинет
Өткізу форматы: офлайн
Төрағалық етті: Бекназарова К.А.
Хатшы: Турдалиева З.

Қатысқандар: Индустриалдық кеңес мүшелері:
Колледждің әлеуметтік серіктес мекемелерінің өкілдері,
Ақтау қаласының «Мансап» орталығының өкілі,
«Атамекен» ҰКП өкілі,
колледждің басшы орынбасарлары, бөлім меңгерушілері,
арнайы пән оқытушылары,
өндірістік оқыту шеберлері.
Шақырылған әлеуметтік серіктестер:

«МАЭК» ЖШС
«КазАзот» АҚ
«Mediana Services Limited» ЖШС
«МРЭК» АҚ
«Актауэлектросервис»» ЖШС
«Jusan Mobile» АҚ
«Қазақтелеком» АҚ
«Мұнайтелеком» ЖШС
«Акцент» ЖШС
«Zhamal-ai LTD» ЖШС
«Rakhim Baby» ЖК
«Абдуллаева» ЖК

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **Индустриалдық кеңес отырысының ашылуы. 2026–2027 оқу жылындағы колледждің негізгі міндеттері мен басым бағыттары.** *колледж басшысы И. Нурадинов*

2. Жұмыс берушілердің ұсыныстары мен талаптарын ескере отырып, колледждің білім беру бағдарламаларын қарастыру *А. Кабдуллина – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары.*

3. Кәсіпорындар мен әлеуметтік серіктестердің өтінімдері бойынша қысқа мерзімді курстық дайындықты ұйымдастыру. *Ақтау қалалық «Мансап» орталығы филиалының директорының м.а. С.Мұратқалиға.*

4. Өндірістік үдеріске бейімделу және кәсіби қызметтің қолжетімді түрлерін анықтау үшін ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушылардың кәсіпорындарда мерзімі кемінде бір апта болатын танысу практикасын ұйымдастыру. *А.К. Каримова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілі*

5. Жеке оқу жоспарлары мен кәсіптік практика мазмұнына түзетулер енгізу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушылардың танысу практикасының қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірлеу. *А.К. Каримова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,*

ТЫҢДАЛДЫ:

Колледж басшысы И. Нурадинов Индустриалдық кеңес отырысын ашып, 2026–2027 оқу жылындағы негізгі міндеттер мен басым бағыттарды таныстырды. Еңбек нарығының сұранысына сай кадр даярлау, білім беру бағдарламаларын кәсіптік стандарттар мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес жетілдіру, дуалды оқыту мен әлеуметтік әріптестікті дамыту, өндірістік практиканың сапасын арттыру, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және инклюзивті білім алушыларды өндірістік ортаға бейімдеу мәселелеріне тоқталды.

2-ші сұрақ бойынша сөз сөйледі:

Колледждің ӨОЖ жөніндегі басшының орынбасары А. Кабдуллина колледждің білім беру бағдарламаларын жаңартылған кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру мәселесі бойынша сөз сөйледі. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру барысында жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескеру, өндірісте қолданылатын заманауи технологиялар мен жабдықтарға сәйкес кәсіби құзыреттерді енгізу қажеттігін атап өтті.

Жұмыс берушілер ұсыныс берді. «Жамалай-ЛТД» ЖШС басшысы З.Хасанова жеңіл өнеркәсіп өкілдері заманауи тігін және кестелеу жабдықтарын баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша білікті мамандарға қажеттілік бар екенін атап өтті. Осыған байланысты 07151100 «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету» мамандығының 3W07151101 «Жабдықты баптаушы» және 4S07151102 «Техник-механик» біліктіліктері бойынша білім беру бағдарламаларына жеңіл өнеркәсіптің автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған жабдықтарын диагностикалау, баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеуге бағытталған кәсіптік модульдерді енгізу ұсынылды.

Жұмыс берушілер ұсыныс берді. «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі «Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь (БӨАжА)» біліктілігі бойынша мамандар даярлау барысында білім беру бағдарламасының мазмұнына қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі (СКУД) туралы негізгі түсініктерді енгізуді ұсынды. Атап айтқанда, білім алушыларға СКУД жүйесінің мақсаты, жұмыс істеу қағидаты, негізгі құрылғылары мен өндірістік нысандарда қолданылу ерекшеліктері туралы бастапқы білім беру қажеттігін атап өтті.

ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша Ақтау қалалық «Мансап» орталығы филиалының өкілі сөз сөйлеп, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың жаңа тәртібі мен талаптары туралы ақпарат берді.

Өз сөзінде Enbek.kz порталы арқылы мемлекеттік қолдау шаралары аясында жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдау тетіктерін түсіндірді. Оқыту жұмыс берушілердің нақты кадр қажеттілігі мен сұранысы негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен біліктіліктер бойынша ұйымдастырылатынын атап өтті.

ТЫНДАЛДЫ

4 мәселе бойынша колледж басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А. Каримова 2026–2027 оқу жылында Маңғыстау өңірінде алғаш рет арнайы бейімделген білім беру бағдарламасы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушыларды кәсіптік даярлау жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Қазіргі таңда аталған білім алушылар «Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу» мамандығы бойынша білім алуда.

ЕБҚ бар білім алушыларды болашақ кәсіби қызметке кезең-кезеңімен бейімдеу, өндірістік ортамен таныстыру, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес қолжетімді кәсіби қызмет түрлерін анықтау мақсатында әлеуметтік серіктес кәсіпорындардың базасында танысу практикасын ұйымдастыру ұсынылды.

Осыған байланысты әлеуметтік серіктестерге ЕБҚ бар білім алушыларды шағын топтармен, әр кәсіпорынға 3 білім алушыдан, өндірістік ортаға біртіндеп бейімдеу мақсатында кемінде бір апта мерзімге танысу практикасынан өткізуге мүмкіндік қарастыру ұсынылды.

Танысу практикасы барысында білім алушыларды кәсіпорынның жұмыс ортасымен, еңбек тәртібімен, қауіпсіздік талаптарымен, тігін өндірісіндегі негізгі технологиялық үдерістермен және өздерінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес орындай алатын еңбек операцияларымен таныстыру көзделеді.

Сөз сөйледі.

«Атамекен» ҰКП өкілі аталған ұсынысты қолдай отырып, ЕБҚ бар білім алушылардың танысу практикасынан өтуіне мүмкіндік жасау мақсатында тігін индустриясы саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің арасынан қосымша әлеуметтік серіктестерді қарастыруға және оларды практика базасы ретінде тартуға ықпал ететінін жеткізді.

Сонымен қатар ЕБҚ бар білім алушыларды кәсіпорындарға практикаға жіберу кезінде жасалатын шарттарда олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері ескеріліп, практикадан өтуге қажетті арнайы жағдайлар, қолжетімді еңбек түрлері, жұмыс режимі, қауіпсіздік талаптары және кәсіпорын тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары нақты айқындалуы қажеттігін атап өтті.

ТЫНДАЛДЫ

5-мәселе бойынша колледж басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары әлеуметтік серіктестерді ЕБҚ бар білім алушыларға арналған арнайы бейімделген білім беру бағдарламасының мазмұнымен таныстырды. Білім алушылардың оқу және өндірістік практика барысында меңгеретін еңбек дағдылары, орындайтын

технологиялық операциялары, сондай-ақ олардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері туралы ақпарат берді.

ЕБҚ бар білім алушылардың өндірістік ортада берілген тапсырмаларды орындауға ынталы екені, практикалық жұмыстарды жауапкершілікпен орындауға тырысатыны және тиісті қолдау мен түсіністік болған жағдайда кәсіби дағдыларды нәтижелі меңгере алатыны атап өтілді. Кейбір білім алушылардың жекелеген практикалық операцияларды орындауда жақсы нәтиже көрсетіп жүргені де айтылды.

Осыған байланысты жұмыс берушілерге ЕБҚ бар білім алушылардың мүмкіндіктеріне сенім білдіріп, оларды өндірістік ортаға кезең-кезеңімен бейімдеуге және қолжетімді еңбек түрлерін меңгеруіне мүмкіндік жасау ұсынылды. Танысу практикасының нәтижелері білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін нақты бағалауға және алдағы кәсіптік практика мазмұнын олардың қажеттіліктеріне сәйкес жетілдіруге негіз болатыны атап өтілді.

Шешім

1. Колледждің білім беру бағдарламалары жаңартылған кәсіптік стандарттарға, еңбек нарығының сұранысына және жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкес тұрақты түрде өзектендірілсін.
2. 07151100 «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету» мамандығының 3W07151101 «Жабдықты баптаушы» және 4S07151102 «Техник-механик» біліктіліктері бойынша білім беру бағдарламаларына жеңіл өнеркәсіпте қолданылатын автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған тігін және кестелеу жабдықтарын диагностикалау, баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кәсіби құзыреттерді енгізу қарастырылсын.
3. «Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь (БӨАжА)» біліктілігі бойынша білім беру бағдарламасының мазмұнына қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесінің (СКУД) мақсаты, жұмыс істеу қағидаты, негізгі құрылғылары және өндірістік нысандарда қолданылуы бойынша тақырыптар енгізілсін.
4. Ақтау қалалық «Мансап» орталығымен және жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіпорындардың нақты кадр қажеттілігі мен өтінімдері негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие бағыттар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту ұйымдастырылсын.
5. Жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды, оның ішінде NEET санатындағы жастарды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға тарту және оқыту аяқталғаннан кейін оларды жұмыспен қамтуға ықпал ету бойынша Ақтау қалалық «Мансап» орталығымен өзара іс-қимыл күшейтілсін.
6. ЕБҚ бар білім алушыларды өндірістік ортаға кезең-кезеңімен бейімдеу мақсатында тігін индустриясы саласындағы әлеуметтік серіктес кәсіпорындардың базасында әр кәсіпорынға 3 білім алушыдан, кемінде бір апта мерзімге танысу практикасын ұйымдастыру қарастырылсын.
7. «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, ЕБҚ бар білім алушыларды танысу практикасына қабылдауға дайын тігін индустриясы саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерін тарту жұмыстары жүргізілсін және практика базаларының саны кеңейтілсін.

2026-2027 О.Ж. ӨТКЕН ИНДУСТРИАЛДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ № 1

Өткізілген күні: «24» қыркүйек 2026 жыл
Өткізілген орны: Ақтау қаласы, 27 ш/а, 58 ғимарат, 1 қабат, №1 кабинет
Өткізу форматы: офлайн
Төрағалық етті: Бекназарова К.А.
Хатшы: Турдалиева З.

Қатысқандар: Индустриалдық кеңес мүшелері:
Колледждің әлеуметтік серіктес мекемелерінің өкілдері,
Ақтау қаласының «Мансап» орталығының өкілі,
«Атамекен» ҰКП өкілі,
колледждің басшы орынбасарлары, бөлім меңгерушілері,
арнайы пән оқытушылары,
өндірістік оқыту шеберлері.
Шақырылған әлеуметтік серіктестер:

«МАЭК» ЖШС
«КазАзот» АҚ
«Mediana Services Limited» ЖШС
«МРЭК» АҚ
«Актауэлектросервис»» ЖШС
«Jusan Mobile» АҚ
«Қазақтелеком» АҚ
«Мұнайтелеком» ЖШС
«Акцент» ЖШС
«Zhamal-ai LTD» ЖШС
«Rakhim Baby» ЖК
«Абдуллаева» ЖК

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **Индустриалдық кеңес отырысының ашылуы. 2026–2027 оқу жылындағы колледждің негізгі міндеттері мен басым бағыттары.** *колледж басшысы И. Нурадинов*

2. Жұмыс берушілердің ұсыныстары мен талаптарын ескере отырып, колледждің білім беру бағдарламаларын қарастыру *А. Кабдуллина – директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары.*

3. Кәсіпорындар мен әлеуметтік серіктестердің өтінімдері бойынша қысқа мерзімді курстық дайындықты ұйымдастыру. *Ақтау қалалық «Мансап» орталығы филиалының директорының м.а. С.Мұратқалиға.*

4. Өндірістік үдеріске бейімделу және кәсіби қызметтің қолжетімді түрлерін анықтау үшін ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушылардың кәсіпорындарда мерзімі кемінде бір апта болатын танысу практикасын ұйымдастыру. *А.К. Каримова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілі*

5. Жеке оқу жоспарлары мен кәсіптік практика мазмұнына түзетулер енгізу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушылардың танысу практикасының қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірлеу. *А.К. Каримова – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,*

ТЫҢДАЛДЫ:

Колледж басшысы И. Нурадинов Индустриалдық кеңес отырысын ашып, 2026–2027 оқу жылындағы негізгі міндеттер мен басым бағыттарды таныстырды. Еңбек нарығының сұранысына сай кадр даярлау, білім беру бағдарламаларын кәсіптік стандарттар мен жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес жетілдіру, дуалды оқыту мен әлеуметтік әріптестікті дамыту, өндірістік практиканың сапасын арттыру, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастыру және инклюзивті білім алушыларды өндірістік ортаға бейімдеу мәселелеріне тоқталды.

2-ші сұрақ бойынша сөз сөйледі:

Колледждің ӨОЖ жөніндегі басшының орынбасары А. Кабдуллина колледждің білім беру бағдарламаларын жаңартылған кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының талаптарына сәйкестендіру мәселесі бойынша сөз сөйледі. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру барысында жұмыс берушілердің ұсыныстарын ескеру, өндірісте қолданылатын заманауи технологиялар мен жабдықтарға сәйкес кәсіби құзыреттерді енгізу қажеттігін атап өтті.

Жұмыс берушілер ұсыныс берді. «Жамалай-ЛТД» ЖШС басшысы З.Хасанова жеңіл өнеркәсіп өкілдері заманауи тігін және кестелеу жабдықтарын баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша білікті мамандарға қажеттілік бар екенін атап өтті. Осыған байланысты 07151100 «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету» мамандығының 3W07151101 «Жабдықты баптаушы» және 4S07151102 «Техник-механик» біліктіліктері бойынша білім беру бағдарламаларына жеңіл өнеркәсіптің автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған жабдықтарын диагностикалау, баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеуге бағытталған кәсіптік модульдерді енгізу ұсынылды.

Жұмыс берушілер ұсыныс берді. «Маңғыстау өңірлік электртораптық компаниясы» акционерлік қоғамының өкілі «Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь (БӨАжА)» біліктілігі бойынша мамандар даярлау барысында білім беру бағдарламасының мазмұнына қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесі (СКУД) туралы негізгі түсініктерді енгізуді ұсынды. Атап айтқанда, білім алушыларға СКУД жүйесінің мақсаты, жұмыс істеу қағидаты, негізгі құрылғылары мен өндірістік нысандарда қолданылу ерекшеліктері туралы бастапқы білім беру қажеттігін атап өтті.

ТЫҢДАЛДЫ:

3-мәселе бойынша Ақтау қалалық «Мансап» орталығы филиалының өкілі сөз сөйлеп, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды ұйымдастырудың жаңа тәртібі мен талаптары туралы ақпарат берді.

Өз сөзінде Enbek.kz порталы арқылы мемлекеттік қолдау шаралары аясында жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдау тетіктерін түсіндірді. Оқыту жұмыс берушілердің нақты кадр қажеттілігі мен сұранысы негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер мен біліктіліктер бойынша ұйымдастырылатынын атап өтті.

ТЫНДАЛДЫ

4 мәселе бойынша колледж басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А. Каримова 2026–2027 оқу жылында Маңғыстау өңірінде алғаш рет арнайы бейімделген білім беру бағдарламасы негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар білім алушыларды кәсіптік даярлау жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Қазіргі таңда аталған білім алушылар «Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу» мамандығы бойынша білім алуда.

ЕБҚ бар білім алушыларды болашақ кәсіби қызметке кезең-кезеңімен бейімдеу, өндірістік ортамен таныстыру, қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру және олардың мүмкіндіктеріне сәйкес қолжетімді кәсіби қызмет түрлерін анықтау мақсатында әлеуметтік серіктес кәсіпорындардың базасында танысу практикасын ұйымдастыру ұсынылды.

Осыған байланысты әлеуметтік серіктестерге ЕБҚ бар білім алушыларды шағын топтармен, әр кәсіпорынға 3 білім алушыдан, өндірістік ортаға біртіндеп бейімдеу мақсатында кемінде бір апта мерзімге танысу практикасынан өткізуге мүмкіндік қарастыру ұсынылды.

Танысу практикасы барысында білім алушыларды кәсіпорынның жұмыс ортасымен, еңбек тәртібімен, қауіпсіздік талаптарымен, тігін өндірісіндегі негізгі технологиялық үдерістермен және өздерінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес орындай алатын еңбек операцияларымен таныстыру көзделеді.

Сөз сөйледі.

«Атамекен» ҰКП өкілі аталған ұсынысты қолдай отырып, ЕБҚ бар білім алушылардың танысу практикасынан өтуіне мүмкіндік жасау мақсатында тігін индустриясы саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерінің арасынан қосымша әлеуметтік серіктестерді қарастыруға және оларды практика базасы ретінде тартуға ықпал ететінін жеткізді.

Сонымен қатар ЕБҚ бар білім алушыларды кәсіпорындарға практикаға жіберу кезінде жасалатын шарттарда олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері ескеріліп, практикадан өтуге қажетті арнайы жағдайлар, қолжетімді еңбек түрлері, жұмыс режимі, қауіпсіздік талаптары және кәсіпорын тарапынан көрсетілетін қолдау шаралары нақты айқындалуы қажеттігін атап өтті.

ТЫНДАЛДЫ

5-мәселе бойынша колледж басшысының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары әлеуметтік серіктестерді ЕБҚ бар білім алушыларға арналған арнайы бейімделген білім беру бағдарламасының мазмұнымен таныстырды. Білім алушылардың оқу және өндірістік практика барысында меңгеретін еңбек дағдылары, орындайтын

технологиялық операциялары, сондай-ақ олардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері туралы ақпарат берді.

ЕБҚ бар білім алушылардың өндірістік ортада берілген тапсырмаларды орындауға ынталы екені, практикалық жұмыстарды жауапкершілікпен орындауға тырысатыны және тиісті қолдау мен түсіністік болған жағдайда кәсіби дағдыларды нәтижелі меңгере алатыны атап өтілді. Кейбір білім алушылардың жекелеген практикалық операцияларды орындауда жақсы нәтиже көрсетіп жүргені де айтылды.

Осыған байланысты жұмыс берушілерге ЕБҚ бар білім алушылардың мүмкіндіктеріне сенім білдіріп, оларды өндірістік ортаға кезең-кезеңімен бейімдеуге және қолжетімді еңбек түрлерін меңгеруіне мүмкіндік жасау ұсынылды. Танысу практикасының нәтижелері білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін нақты бағалауға және алдағы кәсіптік практика мазмұнын олардың қажеттіліктеріне сәйкес жетілдіруге негіз болатыны атап өтілді.

Шешім

1. Колледждің білім беру бағдарламалары жаңартылған кәсіптік стандарттарға, еңбек нарығының сұранысына және жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкес тұрақты түрде өзектендірілсін.
2. 07151100 «Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету» мамандығының 3W07151101 «Жабдықты баптаушы» және 4S07151102 «Техник-механик» біліктіліктері бойынша білім беру бағдарламаларына жеңіл өнеркәсіпте қолданылатын автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған тігін және кестелеу жабдықтарын диагностикалау, баптау, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша кәсіби құзыреттерді енгізу қарастырылсын.
3. «Бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика жөніндегі слесарь (БӨАжА)» біліктілігі бойынша білім беру бағдарламасының мазмұнына қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесінің (СКУД) мақсаты, жұмыс істеу қағидаты, негізгі құрылғылары және өндірістік нысандарда қолданылуы бойынша тақырыптар енгізілсін.
4. Ақтау қалалық «Мансап» орталығымен және жұмыс берушілермен бірлесіп, кәсіпорындардың нақты кадр қажеттілігі мен өтінімдері негізінде еңбек нарығында сұранысқа ие бағыттар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту ұйымдастырылсын.
5. Жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарды, оның ішінде NEET санатындағы жастарды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға тарту және оқыту аяқталғаннан кейін оларды жұмыспен қамтуға ықпал ету бойынша Ақтау қалалық «Мансап» орталығымен өзара іс-қимыл күшейтілсін.
6. ЕБҚ бар білім алушыларды өндірістік ортаға кезең-кезеңімен бейімдеу мақсатында тігін индустриясы саласындағы әлеуметтік серіктес кәсіпорындардың базасында әр кәсіпорынға 3 білім алушыдан, кемінде бір апта мерзімге танысу практикасын ұйымдастыру қарастырылсын.
7. «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп, ЕБҚ бар білім алушыларды танысу практикасына қабылдауға дайын тігін индустриясы саласындағы шағын және орта бизнес субъектілерін тарту жұмыстары жүргізілсін және практика базаларының саны кеңейтілсін.

8. ЕБҚ бар білім алушыларды практикаға жіберу кезінде жасалатын шарттарда олардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері, қажетті арнайы жағдайлар, қолжетімді еңбек операциялары, жұмыс режимі, қауіпсіздік талаптары және кәсіпорын тарапынан көрсетілетін қолдау шараларының ескерілуі қамтамасыз етілсін.
9. Танысу практикасы барысында ЕБҚ бар білім алушылардың өндірістік ортаға бейімделу деңгейіне, еңбек тапсырмаларын орындау мүмкіндіктеріне, практикалық дағдыларына және қолжетімді кәсіби қызмет түрлеріне бағалау жүргізілсін.
10. Танысу практикасының қорытындысы бойынша жұмыс берушілер мен өндірістік оқыту шеберлерінің пікірлері мен ұсыныстары жинақталсын, әр білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес ұсынымдар әзірленсін.
11. Танысу практикасының нәтижелері негізінде ЕБҚ бар білім алушылардың жеке оқу жоспарлары мен кәсіптік практика мазмұнына қажетті түзетулер енгізілсін, олардың өндірісте орындай алатын еңбек операцияларының түрлері мен күрделілік деңгейі нақтылансын.
12. Әлеуметтік серіктестермен бірлесіп, ЕБҚ бар білім алушылардың кәсіби дағдыларын дамытуға, өндірістік ортаға бейімделуіне және болашақта мүмкіндіктеріне сәйкес еңбек қызметіне араласуына қажетті жағдайлар жасалсын.

Индустриалдық кеңес төрағасы: Бекназарова К.А. _____

Хатшы: Турдалиева З. _____